

М.Б. Исахан^{1*}, **Б.Н. Сманова¹**, **Е.Ж. Масанов²**

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Сүлейман Демирел Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

НАХЫШБАНДИЙА ТАРИҚАТЫНЫҢ ПІРІ ҚОЖА АРИФ РӘУГАРИ (1165-1262) ЖӘНЕ ОНЫҢ «АРИФНАМА» ТРАКТАТЫНДАҒЫ ДІНИ-ЭТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

Мақалада Орталық Азияның діни өмірінде маңызды орын алатын Нахышбандийа тариқатының қалыптасу кезеңіндегі Хожаган қауымдастығының II пірі Қожа Ариф Рәугаридің өмірі мен шығармашылығы және діни көзқарастары туралы айтылады. Қожа Ариф Рәугари өте күрделі кезеңде өмір сүрген тұлға. Оның жастық шағы Қарақан дәуірінің гүлдену кезеңіне тұспа-тұс келді. Одан кейін Селжұқтар, Қарақытайлар, Хорезм шах, өмірінің соңы Орталық Азияда Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін орнаған Шағатай ұлысында өмір сүру тағдырына жазылды. Ол өзі өмір сүрген дәуірде саяси ахуал аумалы-төкпелі болса да, ұстазы Абдухалық Ғыждуаниден (Хожаган тариқатының I пірі) үйренген сопылық ілімді өзінің ғұмырлық ұстанымына рухани өзек етті. Осы жолда күндіз-түні ізденіп, тер төкті. Сопылық психо-техникалық жаттығуларды жасап, тақуалық бигінен көрінуге тырысып бақты. Еткен еңбегі ақталып, ұстазы Абдухалық Ғыждуанидің иджазасымен Хожаган қауымдастығын тізгінін қолына алды. Шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсету мақсатында «Арифнама» атты трактат жазып қалдырды. «Арифнамада» сопылық ілімді терең игерудің алғышарттары, руханит қабаттарын кешіп өту әдіснамасы көрініс тапты. Атап айтқанда, Хаққа сапар шегудің (сайру-сулук) рухани тіректері мен сатылары, сопылықтағы шарифаттың орны, арифтік және уәлилік мақамдар, әдептілік т.б. кемелділіктің рухани қағидалары жөнінде өз тәжірибесімен тың байламдар жасады. Бұл зерттеуде Қожа Ариф Рәугаридің өмірімен бірге «Арифнама» трактаты және оның сопылық көзқарастары ғылыми талданатын болады.

Түйін сөздер: шейх, халифа, шарифат, тариқат, салих, сайру-сулук, ариф, әулие.

M.B. Issakhan*, B.N. Smanova, Y.Zh. Massanov

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

Hoja Arif Raugari (1165-1262) priest of the Nakhishbandi orden and his religious and ethical conclusions in the treatise «Arifnama»

The article tells about the life and work and religious views of Hoja Arif Raugari, the 2nd priest of the Khojagan community in the initial period of the existence of the Nakhishbandiyya sect, which occupies an important place in the religious life of Central Asia. Hoja Arif Raugari is a man who lived in a very difficult period. His youth coincided with the heyday of the Karakan era. After that, the Seljuks, Karakhits, Khorezm Shah were destined to end their lives in the Shagatai Empire, which was formed in Central Asia after the invasion of Genghis Khan. Although the political situation in the era in which he lived was turbulent, he made the spiritual core of his life the Sufi teachings that he learned from his teacher Abdukhalyk Gyzduani (1st pir of the Khojagan sect). Along the way, he searched and sweated day and night. Sufism did psychotechnical exercises and tried to manifest itself in the dance of piety. His diligence was justified, and with the permission of his teacher Abdukhalyk Gizduani, he took over the reins of the Khojagan community. To set an example for his students, he wrote a treatise called Arifnama. The «Arifname» reflects the prerequisites for a deep study of the Sufi teachings, the methodology for crossing the layers of spirituality. In particular, the spiritual foundations and stages of the path to the Truth (sair-suluk), the place of Sharia in Sufism, the status of scientists and guardians, customs, etc. He made new connections with his experiences about the spiritual principles of perfection. In this study, along with the life of Hoja Arif Raughari, the treatise «Arifnam» and his Sufi views will be scientifically analyzed.

Key words: sheikh, caliph, sharia, tariqa, salih, sair-suluk, arif, saint.

М.Б. Исахан*, Б.Н. Сманова, Е.Ж. Масанов

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Университет Сүлейман Демиреля, Казахстан, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

Ходжа Ариф Раугари (1165-1262) пир тариката Нахышбандийа и религиозно-этические выводы в его трактате «Арифнама»

В статье рассказывается о жизни и деятельности и религиозных воззрениях Ходжи Арифа Раугари, II-го пира Ходжаганской общины в начальный период существования секты Нахышбандийа, занимающей важное место в религиозной жизни Средней Азии. Ходжа Ариф Раугари – человек, живший в очень сложный период. Его юность совпала с расцветом караганской эпохи. После этого сельджукам, карахитам, хорезм-шаху суждено было закончить свою жизнь в Шагатайской империи, которая образовалась в Средней Азии после нашествия Чингисхана. Хотя политическая ситуация в эпоху, в которую он жил, была беспокойной, духовным стержнем своей жизни он сделал суфийские учения, которым научился у своего учителя Абдухалыка Гыздуани (1-й пир секты Ходжаган). На этом пути он искал и потел день и ночь. Суфизм делал психотехнические упражнения и пытался проявиться в танце благочестия. Его трудолюбие было оправдано, и с разрешения своего учителя Абдухалыка Гыздуани он принял бразды правления ходжаганской общиной. Чтобы подать пример своим ученикам, он написал трактат под названием «Арифнама». В «Арифнаме» отражены предпосылки глубокого изучения суфийского учения, методики пересечения пластов духовности. В частности, духовные основы и этапы пути к Истине (сайру-сулук), место Шариата в суфизме, статус ученых и хранителей, нравы и т.д. Он установил новые связи со своим опытом о духовных принципах совершенства. В данном исследовании, наряду с жизнью Ходжи Арифа Раугари, будет научно проанализирован трактат «Арифнама» и его суфийские воззрения.

Ключевые слова: шейх, халифа, шариат, тарикат, салих, сайру-сулук, ариф, авлие.

Кіріспе

Қожа Ариф Раугаридің (560/1165-660/1262) есімі деректерде Нахышбанди тарикаты тізбегінде 11-ші пір, Хожаганиа бойынша II пір ретінде көрсетіледі. Орта ғасырлық мәліметтерге көз жүгіртсек Абдухалық Ғыздуани ұстазы Юсуф әл-Хамаданиге шәкірт бола жүріп, оның төрт халифасының бірі атанады. Атап айтар болсақ, Юсуф әл-Хамаданидің халифалары Абдуллаһ Берки, Хасан Андаки, Қожа Ахмет Ясауи және Абдухалық Ғыздуани еді (Көпірұлы, 68-69 бб).

Абдухалық Ғыздуани шәкірттерінің ішінен Қожа Ахмед Сыддық, Қожа Әулие Кабир, Қожа Салман Кармин және Қожа Ариф Раугариге иджаза (рұқсатнама) берген. Оның төрт халифасы тарикат мүриттерін тәрбиелегенімен, негізінен Хожагани қауымдастығы Қожа Ариф Раугари арқылы дамыған. Одан кейін Хожаган тарикатына Қожа Ариф Раугаридің бел шәкірті Қожа Махмуд Анжирфигнауи пір болды. Арықарай Қожа Әли Рамитани, сосын Қожа Мұхаммед Баба Сәмаси және Әмир Құлал арқылы Бахауаддин Нахышбанди пірлік жасауға рұқсат алып, Хожаганиа тарикатының атауы «Нахышбандийа» деп өзгерген болатын (К.Рахимов, 146 б). Яғни, Нахышбани тарикатының негізін салушы Бахауаддин Нахышбандидің руха-

ни шежіресі төменнен жоғары санағанда біз сөз етіп отырған Қожа Ариф Раугари арқылы Абдухалық Ғыздуаниге барып тіреледі. Қожа Ариф Раугари – «Хожаган» силсиләсі бойынша 2-ші пір саналғандықтан, дәстүр бойынша оның ныспысына «қожа» есімі берілген деп ойлаймыз.

Тақырыптың негіздемесі. Қожа Ариф Раугари өмір сүрген кезең XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың алғашқы жартысында Қарақан мемлекетінің құлдырап, Қидан, Селжұқ және Хорезм шах мемлекеті гүлденіп, Мәуараннахрға Шыңғысхан шапқыншылық жасап, мұнда Шағатай ұлысы құрылған уақытпен тұспа-тұс келеді. XII ғасырдың екінші жартысында Қарақан мемлекеті Шығыс және Батыс қағанат болып бөлініп, саяси тұрғыда ыдырай бастады. Қарақан дәуірінде исламның түркілік тұрпаты қалыптасып, жергілікті тұрғындар арасынан Имам Матуриди, Имам Сарахси, Имам Бәздауи, Имам Дабуси, Имам Марғинани, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи секілді шоқтығы биік ғұламалар шоғыры пайда болған еді. Осы кезеңде Ислам дінінің әртүрлі салалары бойынша парсы және түркі тілдерінде трактаттар жазылды. Мемлекеттік құрылым мен қоғамды басқару институттары төл түркілік сипатта өрбіді (М.Исахан, 242-245 бб). Яғни, Қожа Ариф Раугари Қарақан мемлекеті саяси тұрғыда ыдырай бастаған кезеңде өмір

сүргенмен, ол жастық шағында ғылым мен мәдениеттің шарықтап дамығанына куә болып өсті.

Қожа Ариф Рәугари өмір сүрген XII ғасырдың екінші жартысында Бұқара уәлаяты алма кезек Қарақан, Селжүк, Қидан, Хорезм шах мемлекеттеріне қарады. Шыңғысхан 1218 жылы Мәуараннахрға жойқын шапқыншылық жасап, Бұқара аумағы ұлы қағанның екінші ұлы Шағатайдың ұлысына берілді. Шыңғысхан дінге еркін қарағанымен, шапқыншылық кезінде Бұқара мұсылмандары қатты зардап шекті (М.Исахан, А.Сатыбалдиева, 224-226 бб). Мұсылмандар діни құлшылық жасауға шектеу көрмегенмен, қоғамдық қатынастарды реттеу мен мемлекеттік басқару жүйесі шарифат үкімдеріне емес, көшпелілердің «Ұлы Яса» заңына негізделді (Исахан). Бір сөзбен айтқанда Қожа Ариф Рәугари орта жастан асқанда Бұқара уәлаятындағы дін мен саяси-әлеуметтік өмір біршама өзгеріске ұшырады.

XII ғасырда Қорасанда дамыған Жүсіп Хамадани негізін салған сопылық мектеп бірте-бірте Мәуараннахрға тарап, Абдухалық Ғыждуанидің белсенділігінің арқасында Бұқарада «Хожаганийа» атты соқталы рухани жолдың іргесі бекіді (К.Рахимов, 66 б). Өз кезегінде Хожаганийа XII ғасырдағы Бұқара тұрғындарының рухани қажеттілігін өтеп, Мәуараннахрда сопылық ілім дамуға бет алды. Қожа Ариф Рәугари осы мектептің өкілі-тіні. Ол жай өкілі ғана емес, Хожаганийа тариқатының өркендеуіне мейлінше мол үлес қосты.

Мақсаты мен міндеті. Тақырыпқа қатысты діни деректер мен тарихи дереккөздерді және сопылық ілім мамандарының теологиялық ой-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, ғылыми мәселелерді талдай келіп, мақалада көздеген басымдыққа қол жеткізу үшін мынадай мақсат-міндеттерді негізге алдық:

– Хожаган-Нахышбандийа тариқатының өкілі Қожа Ариф Рәугаридің тарихи дәрежесін бағалау;

– «Арифнама» еңбегінің сопылық ілімдегі орны мен рөлін саралау;

– Қожа Ариф Рәугаридің сайру-сулук, шарифат, әулиелік, арифтік тақырыптарына мән беруінің мазмұнын ашу;

– Қожа Ариф Рәугаридің жария зікір салу туралы көзқарастарын талдау;

– Хожаган-Нахышбандийа тариқатындағы нарративті деректерді тарихи оқиғалармен салыстыру;

– Қожа Ариф Рәугаридің кереметтері туралы деректерді жан-жақты саралау;

– Қожа Ариф Рәугаридің сопылық ілімге қатысты көзқарастарын зерделеу;

Ғылыми әдіснамалық негіздері. Тақырыпты талдау барысында алға қойған басымдыққа ие болу үшін жалпы қисындық әдістер мен танымдық әдістер, мазмұндық талдау, жүйелеу әдісі, сонымен қатар, жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері: тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, каузальды талдау әдісі, ивент талдау әдісі, кросс-мәдени талдау әдісі, диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдістеріне жүгініп, объективті шындыққа қол жеткізу, мемлекет пен қоғам және адам құқықтарының құрметтелуі көзқарастарын негізге алынды.

Негізгі бөлім. Қожа Ариф Рәугари шамамен 560/1165 жылы Бұхара мен Ғыждуан арасындағы Рәугар ауылында дүниеге келген. Ол «Махитабан» («Нұр шашып тұрушы ай») және «Пешваи арифан» («арифтардың сардары») лақапаттарымен танымал болды. Негізінде дереккөздерде Қожа Ариф Рәугаридің туған күні туралы нақты ақпарат жоқ. Ал, оның қайтыс болған күні жайлы әртүрлі мәлімет бар болғандықтан, әлі күнге дейін нақты бір тұжырым жасалмаған. Мысалы, «Хуласатул-Мувахиб әс-Сәрмәдия» кітабының авторы Нажмиддин ибн Мұхаммед Әмин Курдий дереккөзді көрсетпей Қожа Ариф Рәугаридің 560/1165 жылы дүниеге келгені туралы айтып өтеді (Накшибенди, 144-145 бб). Бір қызығы, бұл шығарманы жазуға негіз болған Мұхаммед Әмин Курдия Арбилидің (1860-1914) «Мавахиб ас-сармадия фи манақиб ан-Нақшбандия» еңбегінде Қожа Ариф Рәугаридің туған және қайтыс болған күндері көрсетілмеген. Оның қайтыс болған жылы туралы әртүрлі дереккөздерде 1219, 1220, 1228, 1236, 1251 және 1315 жылдар деп айтылады (К.Рахимов, 84 б). Мысалы, Бадриддин Сирхинди (1594-1658) 1219 немесе 1220 жылды (Сирхинди, 95 б.), Мұхаммед Талиб (1608-1673) 1228 жылды (Мұхаммед Талиб, 58 б), «Арифнама» қолжазбасының хатшысы Нақшбанди 1237 жылды (ар-Ревгарий, 16 б), Камалиддин Хариризаде (1850-1881) 1251 жылды (Харирийзода, 201 б) және Сұлтан Мұхаммед Дарашукуһ (1615-1659) 1315 (Дарашукуһ, 77 б) жылды Қожа Ариф Рәугаридің қайтыс болған мерзімі ретінде көрсетеді. Нурата әкімі Йолдашбай тарапынан 1913 жылы Қожа Ариф Рәугари кесенесінің

қабырғасын орналастырылған мәрмәр таста да оның 1315 жылы қайтыс болғаны жайлы жазылған. Бұл мәрмәр таста Қожа Ариф Рәугаридің қайтыс болған жылы тарих жанрында парсы тілдегі өлеңде көрсетілген (К.Рахимов, 85 б). Түрік зерттеушісі Хасан Камил Йылмаз нақты бір дереккөзге сілтеме жасамай Қожа Ариф Рәугариді 1165 жылы дүниеге келгенін хабарлайды және Хожаган силсиләсінің екінші пірінің жүз жыл өмір сүргеніне сүйене отырып, 660/1262 жылы қайтыс болды деп болжайды (Йылмаз, 94 б).

Қожа Ариф Рәугаридің лақапаты да түрлі дереккөздерде әртүрлі аттармен аталады. Атап айтқанда «Арифнама» (ар-Ревгарий, 16 б), сондай-ақ Фазлулла ибн Рузбеханның (1457-1530) «Манакиби Хожа Абдулхолик Гиждувоний» еңбегінде (Рузбехан, 20 б) және жазушысы беймәлім «Мақамат Қожа Абдулхалық Гиждувани (Гиждувоний, 7 б) және Қожа Ариф Ревгарий» кітабында және Сұлтан Мұхаммед Дарашукуһтің (1615-1659) «Сафинат ул-авлиә» шығармаларында «Ревгарий» (Дарашукуһ, 77 б), «Нафахот ул-унс» еңбегінде «Ревигиравий» (Жомий, 385 б), Әлішер Науауидің (1441-1501) «Насайим ул-мухаббат» (Науауи, 255 б) және Фахриддин Али Сафидің (1463-1533) «Рашахат Айн әл-хаят» шығармаларында «Ревгарвий» түрінде берілген (Фахриддин, 58 б).

Хожаган-Нақшбандия тариқатының кейінгі ғасырларда жазылған арабша дереккөздерді жоғарыдағы атаудың айтылуы тағы да өзгерген. Атап айтқанда, Қожа Мұхаммед Арифтің (лақапаты Абдулмаджид Хоний) «Әл-Хадайық ул-вардия» шығармасында «Ревгирий» (әл-Хоний, 170 б), Мұхаммед Амин Күрди Арбилидің (1860-1914) «Мавахиб ус-сармадия» кітабында болса «Равайкирий» (Арбил, 94) – деп те аталғаны жазылады. Алайда, қазіргі зерттеушілер Қожа Ариф Рәугари дүниеге келген ауылдың атауы Ревгар болғандықтан, сондай-ақ, ол өзі «Арифнама» еңбегінде өз лақапатын «Ревгарий» дегенін негіз алып, оны «Ревгарий» (Рахимов, 86 б) ныспысымен атаған.

Деректерде, Қожа Ариф Рәугаридің діни білім алуға бала кезінен ден қойғандығы айтылады. Оның жас күнінен сопылық жолға түсіп, Абдухалық Гиждуанидің мұриті болғандығы көрсетіледі (Гиждувоний, 57 б). Ол Абдулхалық Гиждуанидің басқа шәкірттері арасында өзінің еңбекқорлығымен ерекшеленді. «Мақаматы Қожа Абдулхалық Гиждивания және Қожа Ариф Ревгарийде» келтірілген дерекке қарағанда,

Абдулхалық Гиждиуани құзырына келген Қызыр бабаны Қожа Ариф Рәугаридің оны көру мақсатында өз көзіне тұз салып алғанын көріп, оның болашақта ариф (терең білгір) сипатына, яғни, Алланы, оның есімдері мен сипаттарыны білу яғни Құдай және оның барлық қасиеттерін терең білетін адам болатынын болжайды. Жалпы, «ариф» мақамындағы адам Құдайды тану үшін ирфан (сопылық) жолына кіріп, оның рухани басқыштарымен жоғары өрлеп, Құдайдың заты, есімдері, және сипаттарын терең біле алады. Қызыр баба Қожа Ариф Рәугаридің шын мәнінде ариф болуын Құдайдан сұрап, оған дұға жасайды (Гиждувоний, 57 б). Осы дұғаның берекесімен ол кейінірек ариф мақамына иек артады.

Қожа Ариф Рәугаридің сырт көрінісі – орта бойлы, қиылған ай тәрізді қысық көзді, жіңішке қасты, қызыл шырайлы кісі еді. Манақыб еңбектерінде оның бойынан әрқашан жағымды хош иіс шығып тұратындығы айтылады. Діни ілімі телегей-теңіз, дүниеге берілмеген, Құран мен сүннетті берік ұстанатын асқан тақуа болған (Рахимов, 86 б).

«Жамиул Караматул-Әулие» кітабының авторы Набхани Қожа Ариф Рәугаридің Абдулхалик Гиждуанимен қалай танысқандығы туралы былай баяндайды: «Қожа Ариф Рәугари алғашында Бұқарада басқа бір медреседе оқыған. Ол бір күні базарда Абдулхалық Гиждуанимен ұшырасады. Абдухалық Гиждуани ет сатып алуға қасапханаға келген екен. Оның нұрлы жүзін көріп тәнті болған Қожа Ариф Рәугари: «Рұқсат етсеңіз, жүгіңізді мен көтерейін», – дейді. Абдулхалық Гиждуани талапты жастың меселін қайтармай: «Жарайды, балам менімен бірге үйге жүр», – деп, қасына ертеді. Үйге жеткенде Абдулхалық Гиждуани Қожа Ариф Рәугариге рахмет айтып, түскі асты бірге ішуге шақырады. Одан бас тартпаған Қожа Ариф Рәугари Абдулхалық Гиждуанимен сұқбаттасады. Сұқбаттың соңы Қожа Ариф Рәугари оқып жүрген медресесін тастап, Абдулхалық Гиждуанидің шәкірті болуымен аяқталады» (ан-Набхани, 136 б).

Абдулхалық Гиждуанидің жетекшілігімен «сайру сулук» (сопылықтағы Хаққа сапар шегу) басқыштарынан өткен Қожа Ариф Рәугари уақыт өте келе оның ең жақын шәкірті әрі халифасына айналады. Дереккөздерде оның көптеген кереметтер жасағандығы айтылады. Атап айтқанда, «Мақаматы Қожа Абдулхалық Гиждувани және Қожа Ариф Ревгари» авторының ай-

туынша бір топ маскүнемдер Абдулхалық Ғиждувани муридтерді оқытатын жердің жанында арақ ішіп, ұсқынсыз әрекеттер жасап сабақ өтуіне кедергі келтірген кезінде Қожа Ариф Рәугари бұзақыларға «айбат шегіп» қарау арқылы керемет көрсетіп, оларды бір-бірімен ұрыстырып қояды. Нәтижесінде бірнеше адам бір-бірін пышақтап өлтіреді (Ғиждувоний, 58-59 бб). Осы еңбекте баяндалған тағы бір оқиғада Қожа Ариф Рәугари Бұқарадағы Ниязабад елдімекенінің тұрғындарына кереметтер көрсетеді (Ғиждувоний, 60-61 бб).

Хусамиддин Сығнақидің (711/1311 немесе 714/1314 қ.б) «Рисала-и Хусамиддин Сигнақий» еңбегінде Қожа Ариф Рәугаридің муридтерімен бірге қажылыққа барар жолында Ғиждиуанда қонып, Абдухалық Ғиждиуанидің қонағы болған Қожа Ахмет Яссауи құзырында көрсеткен басқа бір кереметі жайлы айтылады. Осы деректе Қожа Ахмет Яссауи келесі күні таңертең Абдухалық Ғиждуаниге: «Керемет көрсету арқылы жандыны өлтіретін муридіңіз бар екен, оны маған көрсетіңіз, оның қандай күшке ие екенін көрейік», – дейді. Абдухалық Ғиждуани халифасы Қожа Ариф Рәугариді шақырады. Қожа Ариф Рәугари жайылымда жүрген 400 жылқыға назар салып қарағанда, пышақ салмастан олардың тамағынан қан саулай бастайды (ас-Сығнақий, 13 а). «Матлаб ут-талибин» шығармасында бұл оқиға сәл өзгеше баяндалады. Ол еңбекте Қожа Ариф Рәугари назарын салған кезде 400 жылқының жалдары мен құйрықтары төгіліп жерге түседі (Мұхаммед Талиб, 23-24 бб).

Абдухалық Ғиждиуанидің шәкірттерінің ішінде Қожа Ахмед Сыздық, Қожа Әулие Кабир, Қожа Салман Кармин және Қожа Ариф Рәугариге сопылық ілімді иршад жасауға иджаза береді. (Ғиждувоний, 20 б). Абдухалық Ғиждиуани қайтыс болғаннан кейін тариқат басшылығын Қожа Ахмед Сыздық қолына алады. Ол қайтыс болғаннан кейін Қожа Әулие Кабирмен бір мезгілде Қожа Ариф Рәугари тариқат басшылығына ие болып, шәкірт тәрбиелеуді қолға алады. (Ғиждувоний, 20 б). Жалпы, Қожа Ариф Рәугари отыз бес жыл уақыт Хожаган тариқатының пірі болып, рухани қызмет қылады.

Қожа Ариф Рәугари шамамен 660/1262 жылы өзі туып өскен Ревгар ауылында дүниеден көз жұмып, сол жерге жерленеді. Басқа бір деректерде Шафирқанға (Ревгарға жақын жер) жерленгендігі де айтылады. Ол ұзақ жылдар бойы тақуалық жолды ұстанғандықтан, жұрт оған «Бұқара шейхтерінің ішінде Ең құдайдан

қорқатыны» деген лақапатты берген болатын (Рахимов, 87 б).

Қожа Ариф Рәугарид «Арифнама» атты трактат жазып қалдырды. Оның бұл еңбегі 1225 жылы өз шәкірті, «Салихтардың таңдаулысы» деген лақапатқа ие Қожа Наймның өтінішімен Нұр ауылында (Қазіргі Нұрата қаласы) тариқат мүшелері үшін үндеу және насихат беру сипатында жазылған (ар-Ревгарий, 16 б) Қожа Ариф Рәугаридің бұл еңбегінде «сайру сулук» (Хаққа тәжірибелік тұрғыда рухани сапар) категориялары, мағрифат, арифтық және уәлилік, сайру сулуктің әдептері туралы жазылған. Сонымен қатар, «Арифнама» трактатында Қожа Ариф Рәугаридің тәлімгері Қожа Абдухалық Ғиждиуанидің өмірі, кереметтері және діни көзқарастарына қатысты кейбір мәліметтер берілген.

«Арифнама» трактатының кейбір жерлерінде сопылық ілімнің алғашқы кезеңдерінде өмір сүрген әйгілі зухд иесі Хасан Басри туралы айтылады (728 қ.б), Суфян Сабри (777 қ.б), Рабия Адабия (801 қ.б), Фузайл ибн Ияз (725-802), Шақиқ Балхи (810 қ.б), Әбу Тураб Нахшаби (834 қ.б), Яһя ибн Муаз Рази (871 қ.б), Баязид Бистами (875 қ.б) және басқа да әулие кісілердің өмірі, тақуалығы, діни көзқарастары туралы қысқа киссалар мен мәліметтер топтастырылған.

Қожа Ариф Рәугари өз шәкірттерін Хожаган-Накшбандийа тариқатының Қожа Абдухалық Ғиждиуани тәжірибесімен тұжырымдалған ережелерге сәйкес оқытып, тәрбиеледі. Ол тәлімгерінің ілімін ілгерілетумен қатар, осы бағытқа қатысты кейбір жаңалықтар мен толықтырулар енгізді. Қожа Ариф Рәугари «Арифнама» атты трактатында сопылық ілімдегі кемелденуге қатысты мынадай ой-пікір айтады:

Шариғат. Қожа Ариф Рәугари өзінің муридтерін барлық жағдайда, ең алдымен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың шариғатын ұстануға шақыру (ар-Ревгарий, 4 б) арқылы мұсылман құқығын сопылық ілімнің алғашқы баспалдағы ретінде көрсетеді. Ол сопылық жолға түсу үшін келесідей қатаң талаптар мен шарттарды алға тартады:

- 1) Шариғатты толық ұстану;
- 2) Алла оған жазған кез келген тағдырына разы болу;
- 3) Өз қалауы мен еркінен бас тарту және Құдайдың кез-келген еркіне бас ию (ар-Ревгарий, 11 б).

Шариғат негіздері саналатын осы рухани басқыштардан кейін ғана сопылық жолға бет

бұрушы сайру сулук баспалдақтарына иек арта алады.

Сайру сулук. Қожа Ариф Рәугари сипаттаған салихалықтың алғашқы сатысы «тәубе» (өкіну) мақамынан басталады. Ал, сайру сулуктің жоғары мақамдарына көтерілу үшін «талип» (талаптанушы) хәліне ие болу шарт. Оның пікірінше талаптанушы «химмет» (тырысу), «тауаж-жух» (назар аудару – сопылық ілім бойынша руханиет иесінің назары Алладан өзге нәрселерден арылуы тиіс), яғни піріне ерекше (дене іс-қимылымен және ақыл-ойымен) ықыласпен назар аудару арқылы илаһи сырларға қанығу, сопы (салих, мурид) мен пір арасындағы рухани тығыз байланыстың орнауы, «риязат» (қыйыншылық) және «мужахадат» (күресу) арқылы теріс мінез-құлықтан арылып, бойынша ізгі сипаттар қалыптастыру арқылы нәтижеде «уасил» (Құдайға қауышу) мақамына көтерілу. Алайда, сопылық ілімнің талаптанушысы ол үшін мына мәселелерді ұдайы назарда ұстауы қажет:

1) Абсолютті ақиқат болған Құдайды табуға және Онымен жүздесу үшін барын салып күресу, яғни әрдайым Құдайды іздеу;

2) Сайр сулук категориясындағы мына мақамдарға иек артуы шарт

- уәжд (өзін жоғалту);
- кәшф (ашылу);
- мағрифат (Құдайды тану);
- мушахадат (көмескіні көру).

Сопылық ілімнің талаптанушысы мушахадат мақамына жеткеннен соң ғана абсолютті ақиқатты көруге кедергі болып тұрған перделер ашылып, илаһи әлемнің сырлары оған аян болады (ар-Ревгарий, 5-6 бб). Қожа Ариф Рәугаридің тұжырымындағы «Хақпен қауышу одан кейін орын алады.

Қожа Ариф Рәугари сопылық ілімнің талаптанушысы сайру сулук категорияларын кешіп өту арқылы мағрипат, арифтік және уәлилік сипаттарға ие болатынын алға тартады. Оның тұжырымындағы мағрипаттың мәні – жүректің Алланың жалғыздығын растауы, мағрипаттың негізі – Құдайға «сыдық» (дос) және «итиқаттан» (сенім) тұрады. Мағрипаттың жемісі – дене мүшенің толығымен Құдайға жүз бұруынан тұрады (ар-Ревгарий, 7-9 бб).

Қожа Ариф Рәугаридің түсінігінде арифтік – бұл адам әрбір демінде Алланы еске алып, өзін Аллаға беретін, аталған рухани хәлді соңғы деміне дейін жалғастырып, бұл рухани күйін көпшіліктен жасыру болып табылады. Ол арифтер зікір арқылы захидтерден (аскет) үстем бола

алады деп есептейді. Захидтердің азығы аштық болса, арифтердің қорегі зікір. Қожа Ариф Рәугаридің пікірінше көпшілік арифтен таралған нұрды көріп күйеді, ал арифтің өзі Уужуд (абсолютті ақиқат) сәулесін көргенінде күйеді. Қиямет күні арифтарға олардың сыдықтары (достары) жар болады (ар-Ревгарий, 6-9 бб).

Қожа Ариф Рәугаридің түсінігінше уәлилік – Құдайдың досын дос, дұшпандарын дұшпан деп тану, өзі қаламағанмен, Алланың жазмышымен одан керемет ортаға шығады. Өйткені, өз еркімен керемет жасаушы уәли емес. Бәлкім муддайи (дауашы). Қожа Ариф Рәугари рухани жоғары мақамдарға қол жеткізушінің мынадай үш белгісін айтады: қарапайым (мутауази) болуы, әдепсіз нәрселерден алыс тұруы, әрдайым әділеттілікпен шешім қабылдау (ар-Ревгарий, 7-8 бб).

Қожа Ариф Рәугари «Арифнамада» саликалы жанның өзін қалай ұстау керектігі туралы сөз қозғайды. Атап айтқанда, ол өз муридтерінің нәпсіне қарсы күресу, байлыққа өш болмау, барға қанағат қылу, дәулетке ие болған жағдайда даңдайсып өзін жоғалтып алмауды ескертеді. Сондай-ақ сайру сулук әдебінің мәні саналатын көңілдің пәктігі адамдарға қызмет жасаумен және ешкімнің өзіне қызмет жасауын қаламау арқылы қалыптасатынын айтады (ар-Ревгарий, 4 б).

Әсілі, Хожаган тариқатында әу бастан құпия зікірі салу үрдісі қалыптасқан еді. Ал, Қожа Ариф Рәугаридің Хожаган тариқатына енгізген жаңалықтарының бірі – дауыстап зікір салуды құптауы еді. Ол жария зікірі салу тұжырымын өмірінің соңында жасады. Деректерде, өзінің ізбасары Қожа Махмуд Анжирфигнауиді жария зікір салуға үндегендігі айтылады. Ол осылайша адамдарды надандық ұйқысынан оятып, көпшіліктің назарын зікірге аударуды қалаған еді. Сондықтан, Нахышбанди тариқатының тізбегінде Қожа Ариф Рәугари «Пешваи арифан» («арифтардың сардары») деп аталады.

Қожа Ариф Рәугаридің жария зікірге өтуіне сол кезеңде жария зікірді жақтаушы Орталық Азияда басымдыққа ие болған Яссауи тариқатының ықпалы болған болуы мүмкін. Яссауи тариқатының өкілдері жария зікірдің «ара зікір» түрі салатын. Түркілер арасына «ара зікір» сол дәуірде кең тарады. Осы жағдай Бұқарадағы Хожагани мектебінің өкілдеріне әсер еткен тәрізді (Исахан, 223 б). Жалпы, деректерде Хожагани мектебінің Баба Самаси және Әмір Құлал атты өкілдеріне Яссауи тариқатының пірі

Сайд атаның ықпалы болғандығы айтылады (Рахимов, 121-130 бб). Дегенмен, Қожа Ариф Рәугаридің жария зікірді қолдауына қарағанда, Яссауи тариқатының Хожагани мектебіне одан бұрынырақ әсер еткендігін көрсетеді.

Қожа Ариф Рәугари өз ханакасында көптеген муридтер тәрбиелеп шығарды. Солардың ішінде халифасы – Қожа Махмуд Анжирфиғнауи мүршіттік (рухани жол көрсетуші) иджазаға (рұқсатнама) ие болады. Фазлуллах ибн Рузбеханның жазуынша Қожа Ариф Рәугари қайтыс боларынан бұрын өсиет қалдырып, Қожа Махмуд Анжирфиғнауиге мурид тәрбиелеу және олардың сайру сулук жолында мүршіттік қылуына шатырхат берген (Рузбехон, 20 б). Яғни, Қожа Ариф Рәугариден кейін Хожаган тариқаты Қожа Махмуд Анжирфиғнауи арқылы дамыды. Ол да ұстазы Қожа Ариф Рәугари секілді жария зікір салуды құптады.

Қорытынды

Жоғары айтып өткеніміздей саяси өте күрделі кезеңде өмір сүрсе де, Қожа Ариф Рәугари сонау Алла Елшісінен (с.ғ.с) келе жатқан ақиқатты тану мен кемел адам тәрбиелеудегі рухани ілімді өз заманына сай насихаттап, ұстазы Абдухалық Ғыждуани қалыптастырған Бұқарадағы сопылық қауымдастықты одан әрі жетілдірді. Ол сопылық ілімді тәжірибелік тұрғыда ынты-шынтымен ұстанып, мүриттеріне үлгі-өнеге бола білді. Оның тақуалық бейнесі өз замандастарына екпінді ықпал етті. Хаққа деген шынайы ықыласымен, әулиелігімен, керемет көрсетуімен көпшілікті таңдандырды. Олардың исламға де-

ген ықылас-пейілін оятты. Осы арқылы Бұқарада мұсылманшылдық артып, Мәураннахрда ислам діні жаңа бір белеске көтерілді.

Теориялық тұрғыда Қожа Ариф Рәугари сопылық ілімнің қыр-сыры мен рухани қабаттарын ашып, өзіндік жаңа әдіснама қалыптастырды. Ол теория мен тәжірибені ұштастырудың методологиялық негіздерін дамытты. Бұл тұрғыда оның «Арифнама» атты трактатында сопылық ілімдегі хәл-мақамдарға қатысты тың ой-тұжырымдары берілген. Хаққа рухани сапар шегудің (сайру-сулук) рухани тіректері мен сатылары, шарият негіздері, арифтік, уәлилік, әдептілік т.б. кемелділіктің рухани қағидалары жөнінде өз тәжірибесімен тың байламдар жасады. Өз кезегінде Қожа Ариф Рәугаридің кемелділік және ақиқатты тану туралы тың пайымдаулары сопылық ілімнің теориялық тұрғыда дамуына септігін тигізді. Яғни, Қожа Ариф Рәугари асқан дегдарлығымен және телегей-теңіз діни білімімен өз дәуірінің рухани темірқазығына айналды. Ол Хожагани сопылық жолын одан арықарай дамытуға үздік шәкірттер тәрбиеледі. Оның тәлім-өнегесін бойына сіңірген белсенді шәкірті Али Рамитани Хожаган мектебін Бұқара өңірінің құбыласына айналдырып, сопылық ілімді Мәураннахр мен Түркістанның рухани тірегі етті.

Ғыждуани сопылық мектебінің негізін салушы Абдухалық Ғыждуани құпия зікір салуды құптаса да, оның шәкірті Қожа Ариф Рәугари дәуірінде тариқат өкілдері жария зікір салуға бет бұрды. Бұл, Қожа Ариф Рәугаридің сол кезеңде дәуірлеп тұрған жария зікірді жақтаушы Яссауи тариқатының ықпалына түскенін аңғартады.

Әдебиеттер

- Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетіндегі алғашқы сопы-ақындар. Ахмет Ясауи университеті. – Түркістан, 2017. – 173 б.
- Рахимов К. Хожагон-Нақшбандия тариқати ва етти пир. Тошкент: «Ozbekiston», 2020. – 168 б.
- Исахан М. Ислам дінінің Орталық Азияға таралуы және алғашқы түркі-ислам мемлекеттерінің сипаттамалары (VII-XII ғғ). – Астана, 2018. – 252 б.
- Исахан М., Сатыбалдиева А. Қазақстандағы ислам тарихы. – Астана: «Muftiyat» баспасы, 2022. – 280 б.
- Исахан М. «Ұлы Яса» заңын зерттеп жүрген мамансыз. Осы заң бойынша мемлекет қалай басқарылған? <https://kazislam.kz/shy-y-skhanly-ly-yasa-za-yn-zerttep-zh-rgen-mamansyz-osy-za-bojynsha-memleket-kalaj-baskaryl-an/>
- Накшибенди, Неджмеддин Б. Мұхаммед. Хуласатулл-Мевахиб / Алтын Силсиле, хаз. Ибрахим Тозлу, Семерканд Яйынлары. – Стамбул, 2005. – 333 б.
- Мухаммад Әмин әл-Күрдия ал-Арбили (1860-1914) «Мавахиб ас-сармадия фи манакиб ан-Нақшбандия». – Қайр, «Мат-баат ас-саодат», 1911. – 336 б.
- Бадриддин ибн Иброхим Сирхинди (1594-1658). Ҳазарат ал-қудс. – 1 т. Кулезма. УзР ФА Шарқшунослик, инв №76.
- Мухаммад Толиб ибн Тожиддин Хусайни Сиддики. Матлаб ут-толибин / УзР ФА Абу Райхон Беруний номидаги Шарқшунослик институти; нашрга тайерловичлар: Гулом Каримий, Эркин Миркомиллов; масъул мухаррир: Халим Тураев. – Тошкент: «Movarounnahr», 2012. – 376 б.

- Камалиддин Хариризаде (1850-1881) Камалиддин Муҳаммад Ҳариризода. Тибёну васойил ал-хақойиқ фи баёни сало-сил ат-таройиқ. Қўлёзма / Туркия, Истанбул, Сулаймония кутубханаси, инв. № 432.
- Хасан Камил Йўлмаз. Тасаввуф и тарикаты. / Перевод с турецкого А. Урманова. – Москва: изд «Сад», 2009. – 300 с.
- Хожа Муҳаммад Ориф ар-Ревгарий. Орифнама // Форс-тожик тилидан Садриддин Салим Бухорийий ва Исроил Субхоний таржимаси; Масул мухаррир Тилак Жура. – Ташкент: «Навруз», 1994. –16 б.
- Фазлулла ибн Рузбехан (1457-1530). Манақиб Хожа Абдулҳолиқ Гиждувоний. Форс тилидан Махмуд Хасаний таржи-маси // Хожа Абдулҳолиқ Гиждувоний. –Тошкент: «Ўзбекистон», 2003. –128 б.
- Сўлтан Мўхаммед Дарашукуҳ (1615-1659) «Сафинат ул-авлиё» / Тошбосма нашр. – Лакхнав: Мунший Навал Кишур матбааси. – 1862.
- Жомий, Нуриддин Абдурахман. «Нафахот ул-унс мин хазарот ул-қудс». – Техрон: «Эттелот». – 2003. –1215 б.
- Әлишер Науауи (1441-1501). «Насайим ул-мухаббат». Мукамол асарлар туплами. Йигирма томлик. Ун еттинчи том. / Нашрга тайерловичлар: С. Ганиева, М. Мирзахмедова. Арабча ва форсча матнларни таржима қилиб, нашрга тайерлович ва масул мухаррир: С. Рафидинов. – Тошкент: «Фан», 2001. – 520 б.
- Мавлона Фахриддин Али бин Хусайн Войз Кошифий. (1463-1533). «Рашахат Айн эл-хаят». – Техрон: «Нуроний» хай-рия жамгармаси нашриети, 1977. – 361 б.
- Ал-Хоний, Абдулмажид ибн Муҳаммад. «Әл-Ҳадайиқ ул-вардия фий хақойиқ ажилло ан-нақшбандия». – Арбил: Орос, 2002. –161 б.
- Мақаматы Қожа Абдулҳолиқ Гиждувани және Қожа Ариф Ревгарий / Форс тилидан Махмуд Хасаний таржимаси // Хожа Абдулҳолиқ Гиждувоний. – Тошкент: «Ўзбекистон», 2003. – 128 б.
- Казы Юсуф ан-Набхани Джамиу караматиль авлия. – Бейрут: Мактабату тавфиқия, 2001. – Т. 1. – 136 с.
- Хусамиддин Хусайн ибн Али ас-Сигнақий, Рисала-и Хусамиддин Сигнақий, Қўлёзма / ЎЗР ФА Шарқшунослик инсти-тути, инв. №11084. В. 13а.
- Сўлеймен Улудағ. Ариф Ревгари. TDV İslâm Ansiklopedisi. – Istanbul, 1991 y. – С. 3. 369 s. <https://islamansiklopedisi.org.tr/arif-i-rivgeri>

References

- Fuat Koprulu. Turki adabietindeki algashqi sopi-aqindar [The first Sufi poets in Turkic literature]. Ahmet Yasui universiteti. Turkistan, 2017. 173 b.
- Komilzhan Rahimov. Hojagon-Naqshbandiya tariqati va etti pir [Khojagon-Naqshbandi sect and seven pir]. «Ozbekiston». Toshkent, 2020. 168 b.
- Mukhan Issakhan. Islam dininin Ortaliq Aziyağa taralu jane algashqi turki-islam memleketterinin sipattamaları (VII-XIIgg) [The spread of Islam in Central Asia and the characteristics of the first Turkic-Islamic states (VII-XIII centuries)]. Astana, 2018. 252 b.
- Mukhan Issakhan, Aqmaral Satbaldieva. Qazaqstandağı islam tarihi [History of Islam in Kazakhstan]. «Muftiyat» baspasi. Astana, 2022. 280 b.
- Mukhan Issakhan. «Ulı Yasa» zanın zerttep jürgen mamansız. Osı zan boyınsha memleket qalay basqarılgan? [Without a specialist studying the law of the» Great Yasa». How is the state governed by this law?] <https://kazislam.kz/shy-yskhanny-ly-yasa-za-yn-zerttep-zh-rgen-mamansyz-osy-za-bojynsha-memleket-kalaj-baskaryl-an/>
- Nakshibeni, Nejmeddin B. Muxammed. Hulasatull-Mevahib/ Altın Silsile [Golden Silsile], haz. Ibrahim Tozlu, Semerkand Yayınları, Stanbul, 2005.
- Muhammad Amin al-Kurdiya al-Arbili (1860-1914) «Mavahib as-sarmadiya fi manaqib an-Naqshbandiya» [Mawahib Al-sarmadiyah Phi manakib Al-Naqshbandiyah]. Qair, «Matbaat as-saadat», 1911. 336 b.
- Badridin ibn Ibrohim Sirhindi (1594-1658). Hazarat al-quds [Hazret al-Quds]. 1 t. Kulezma. UzR FA Sharqshunoslik, inv №76.
- Muxammad Tolib ibn Tojiddin Xusayni Siddiqi. Matlab at-tolibin [Matlab at-talibin] / UzR FA Abu Rayhon Beruniy nomidagi Sharqshunoslik instituti; nashrga tayerlovishlar: Gulom Karimiy, Erkin Mirkomilov; masul muharrir: Halim Turaev. – Toshkent: «Movarounnahr», 2012. – B 376.
- Kamaliddin Haririzade (1850-1881) Kamaliddin Muhammad Haririzade. Tibyonu vasoyil al-haqoyiq fi bayoni salosil at-taroyiq [Tibenu wasoyil Al-hakoyik fi article salosil at-taroyiq]. Qulyozma/Turkiya, Istanbul, Sulaymoniya kutubhanasi, inv. № 432.
- Hasan Kamil Yılmaz. Tasavvuf y tarikati [Mysticism and Tariqas]. Pervod s tureckogo A.Urmanova. Izd «Sad». Moskva, 2009. 300 s.
- Hoja Muxammad Orif ar-Revgariy. Orifnama [Orifnama] // Fors-tojik tilidan Sadriddin Salim Buxoriy va Isroil Subxoniy tarjimasi; Masul muharrir Tilak Jura. – Tashkent: «Navruz», 1994 16 b.
- Fazlulla ibn Ruzbehan (1457-1530). Manaqibi Hoja Abdulholiq Gujduvoni [Hajja Abdulholik Gijduvaniy]. Fors tilidan Mahmud Hasaniy tarjimasi // Hoja Abdulhalik Gijduvoni. –Toshkent: «Uzbekiston», 2003. 128 b.
- Sultan Muhammed Darashukuh (1615-1659) «Safinat ul-avliyo» [Safinat ul-awli] / Toshbosma nashr. – Laqnav: Munshiy Naval Kshir matbaasi. 1862.
- Jomiy, Nuriddin Abdurahman. «Nafahot ul-uns min hazarat ul-quds» [Nafahat ul-uns min khazarat ul-Jerusalem]. – Tehron: «Éttelot». 2003. 1215 b

Alisher Nauai (1441-1501). «Nasaiym ul-muhabbat» [Nasayim ul-mukhabbat]. Mukammol asarlar tuplami. Iygirma tomlik. Un ettunshi tom. Nashrga tayerlovushlar: C.Ganiyeva, M.Mirzahmedova. Arapsha ba forssha matnlari tarjima kilib, nashrga tayerlovush ba masul muharrir: C.Rafiddinov. – Toshkent: «Fan», 2001. 520 b.

Mablona Fahriddin Ali bin Husayin Boiz Koshivi. (1463-1533). «Rashahat Ain al-Hayat» [Rashahat Ain Al-Hayat]. – Tehron: «Nuroni» hairiya jamgarmasi nashrieti, 1977. 361 b.

Al-Honiy, Abdulmazhid ibn Muhammad. «Al-Hadaiyk ul-bardiya fii hakayik ajillo an-nahshbendi» [Al-Hadayq ul-vardiyah fiy haqoyiq ajillo Al-naqshbandiyah]. – Arbil: Oros, 2002. 161 b.

Makamati Hoja Abdulhalik Gijduaniy jane Hoja Arif Rebgariy [Makamaty Khoja Abdulkhalyk Gizduvani and Khoja Arif Revgariy] / Fors tilidan Mahmud Hasaniy tarjimasi // Hoja Abdulhalik Gijduaniy. – Toshkent: «Uzbekiston», 2003. 128 b.

Kazi Yusup an-Nabhani. Jamiy karamatil aulye [Kazy Yusuf an-Nabhani Jamiu karamat or avliya]. Beyrut Maktabatu tabfikiya, 2001. T. 1. 131 b.

Husamaddin Husayin ibn Ali as-Signahi. Risala-I Husamaddin Signahi [Risala Husamiddin Signakiy], Kulezma / UzR FA Sharhshunoslik institute, inv. №11084. B. 13a.

Suleyman Uludag. Arif Revgari. TDV İslâm Ansiklopedis [TDV Encyclopedia of Islam]i. Istanbul, 1991 y. C. 3. 369 s. <https://islamansiklopedisi.org.tr/arif-i-rivgeri>